


Бекітемін
ОжӘЖ бойынша проректор


Егоров В.В.

2016 ж. «01» _____ 09

**5B100200 «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері»
мамандығының бакалавр бітірушісінің
моделі**

1. Кәсіби құзыреті (КҚ):

1.1 Жалпы кәсіптік:

- ақпараттың мәнін және заманауи қоғамның дамуындағы маңызын түсіну, информатика және есептеу техникасы жетістіктерін қолдану, ақпараттың үлкен мөлшерін қайта өңдеу, қызмет саласы бойынша ақпараттың әртүрлі көздерінде, соның ішінде жаһандық компьютерлік жүйелерде мақсатқа бағытталған іздеу өткізу (КҚ-1);

- негізгі жаратылыстану-ғылыми заңдарды қолдану, математикалық аппаратты кәсіптік қызметте пайдалану, кәсіптік қызмет барысында пайда болатын мәселелердің маңызын анықтау (КҚ-2);

- ақпараттық қауіпсіздік бойынша оның құқықтық негіздемесін, әкімшілік-басқару және техникалық орындаушылықты және экономикалық мақсаттылығын ескеріп, іс-шаралар кешенін қалыптастыру (КҚ-3);

- ақпараттық қауіпсіздік бойынша іс-шаралар кешенінің орындалуын ұйымдастыру және қолдайды, қорғау нысанының, сыртқы әсерлердің, ықтимал қауіптердің және ақпаратты қорғау технологиясының дам деңгейінің шешілетін есептері мен ұйымдастырушылық құрылымын есепке алып, олардың орындалу процесін басқару (КҚ-4).

1.2 Тәжірибелік-зерттеу қызметі саласында:

- ғылыми-техникалық ақпаратты, зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік тәжірибені жинақтау, зерделеу (КҚ-5);

- ғылыми зерттеулерде шешімдерді қабылдауды қолдаудың компьютерлік технологиялар мен жүйелерін, математикалық моделдерді, әдістерді таңдау (КҚ-6);

- сын ақпаратпен жұмыс істейтін ұйымдастырушылық құрылымдарды, тәртіптік жүйелерді және бағдарламалық-аппараттық кешендерді зерттеу әдістемелерін, жоспарларын және бағдарламаларын әзірлеу (КҚ-7);

- стандарттық бағдарламалық құралдарды қолданып, есептеу тәжірибелерін жүргізу (КҚ-8);

- ақпаратты қорғау бойынша нормативтік талаптарды есепке алып, есептеу жүйелері мен желілердің аттестациясы кезінде тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізу (КҚ-9).

1.3 Жобалық-конструкторлық қызметте:

- кәсіптік қызмет нысандарын жобалау үшін бастапқы деректерді жинау және талдау (КҚ-10);

- ақпараттық қауіпсіздікті қамсыздандыру жүйелері элементтерінің жобалық есептемесін жүргізу, пәндік облыс моделдері және техникалық құралдардың мүмкіндіктері негізінде кәсіптік қызмет нысандарының жеке компоненттерінің талаптары мен спецификацияларын әзірлеу (КҚ-11);

- жобалаудың заманауи әдістері, құралдары және технологиялары негізінде ақпаратты өңдеу және басқарудың компьютерлік жүйелерінің математикалық, лингвистикалық, ақпараттық және бағдарламалық қамсыздандыру элементтерін жобалау (КҚ-12);

- аппараттық-бағдарламалық кешендерді тиімді жүзеге асыру үшін есептеу техникасы құралдарын, бағдарламалау құралдарын пайдалану (КҚ-13);

- технологиялық және пайдалану құжаттамасын әзірлеуге қатысу (КҚ-14);

- жобалық есептемелердің алдын-ала техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу (КҚ-15);

- бағдарламалық өнімдерді жобалау, құрылымдау және тестілеуге ақпараттық жүйелер мен бағдарламалаудың негіздерін қолдана білу (КҚ-16).

1.4 Ұйымдастырушылық-басқару қызметінде:

- кәсіптік қызмет нысандарының ақпараттық қауіпсіздігін қамсыздандыру құрылымдарын ұйымдастыру (КҚ-17);

- ақпаратты қорғауда пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық, криптографиялық және техникалық құралдардың жұмысқабілеттігін және тиімділігін тексеруді ұйымдастыру (КҚ-18);

- Қазақстан Республикасының құқықтық нормативтік актілерімен және нормативтік құжаттармен сәйкес ақпараттық қорғаудың технологиялық процесін ұйымдастыру (КҚ-19);

- ақпаратты қорғау талаптарын ескеріп, ұжымның жұмысын ұйымдастыру, ақпараттық қауіпсіздік саясатын жүзеге асыру бойынша жұмыстарға қатысу (КҚ-20);

- ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу (КҚ-21);

- ақпаратты қорғау тиімділігін жоғарылату облысында басқа мекемелер, ұйымдар және кәсіпорындардың жұмыс тәжірибесін зерделеу және жалпылау (КҚ-22).

1.5 Өндірістік-технологиялық қызметте:

- есептің қойылымы, сыни ақпаратты өңдеудің компьютерлік жүйелерін құру кезінде ақпараттық технологиялар моделдерін, әдістерін және құралдарын қолдану (КҚ-23);

- сыни ақпаратты өңдеу және басқарудың компьютерлік жүйелері құралдарын жобалау, дайындау және пайдалану кезеңінде ақпараттық қауіпсіздікті

қамсыздандыру бойынша техникалық және ұйымдастырушылық іс-шараларды таңдау және ақпараттық қауіпсіздік шарттарын талдау(КҚ-25);

- жүйелер теориясының әдістерін сыни ақпаратты өңдеу және басқарудың компьютерлік жүйелерін жобалау тәжірибесінде қолдану (КҚ-26);

- ақпаратты өңдеу және басқарудың компьютерлік жүйелерінің компоненттерін құру, берілген сапалы бағдарламалар мен бағдарламалық кешендерін өндіру (КҚ-27);

- моделдеу тілдерін сыни ақпаратты өңдеу және басқарудың компьютерлік жүйелері және олардың ішкі жүйелерін зерттеу және жобалау үшін қолдану (КҚ-28);

- аппараттық және бағдарламалық құралдарды кешендету, есептеу жүйелерін, кешендерін және желілерін тұтастыру (КҚ-29);

- кәсіптік қызмет нысандарын сертификаттау (КҚ-30);

- аппараттық-бағдарламалық кешендерді тестілеу және дұрыстау (КҚ-31);

- ақпараттық қауіпсіздік облысында әрекеттегі нормативтік және әдістемелік құжаттарды есепке алып, жұмыс техникалық құжаттаманы әзірлеу (КҚ-32).

1.6 Пайдалану қызметінде:

- кәсіптік қызметте нысандардың қауіпсіздік саясатын жүзеге асыру және жүзеге асыруды бақылау (КҚ-33);

- есептеу жүйелері мен желілердің жүйелік, аспаптық және қолданбалы бағдарламалық қамсыздандыруды орнату, жөнге келтіру және қызмет көрсету (КҚ-34);

- әр түрлі жүйелердің бағдарламалық өнімдерін сүйемелдеу (КҚ-35);

- ақпараттық қауіпсіздікті қамсыздандыру құрылымының қызметкерлерін басқару (КҚ-36).

2. Жалпыға білім беру құзыреттіліктері (ЖБҚ):

- тарихи мұраға және мәдени дәстүрлерге құрметпен және ұқыпты қарау, әлеуметтік және мәдени айырмашылықтарды шыдамдылықпен қабылдау (ЖБҚ-1);

- дүниетанымдық, әлеуметтік және жеке адам мәнділігі бар пәлсапалық мәселелерді түсіну және талдау (ЖБҚ-2);

- өз қызметінде нормативтік құқықтық құжаттарды қолдана білу (ЖБҚ-3);

- моральдық және құқықтық нормалар мен міндеттерді есепке алып, мақсатқа жетуде табандылық таныту (ЖБҚ-4);

- өндірістік қызметкерлерді және халықты апаттар, табиғи апаттардың мүмкін зардаптарынан қорғау және зақымдаудың заманауи құралдарын пайдалану негіздерін, олардың зардаптарын жою бойынша негізгі іс-шараларды білу, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік шарттарын жалпы бағалау қабілеттілігі (ЖБҚ-5);

- ақпаратты алу, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын білу, компьютермен ақпаратты басқару құралы ретінде жұмыс жасау дағдыларын иелену (ЖБҚ-6);

- тұжырымдама және абстракция түсінігі, базалық математикалық пәндерді тәжірибе жүзінде қолдану қабілеті (ЖБҚ-7);
- жаратылыстанудың тұжырымдамаларын және негізгі заңдарын түсіну (ЖБҚ-8);
- тәжірибелік қызмет кезінде физикалық есептерді қоя білу және шеше білу; физикалық тәжірибені және сәйкес өлшеу және тіркеу аппаратурасын таңдауды ұйымдастыру (ЖБҚ-9);
- өздігінен жетілу және өздігінен даму қабілеттілігі (ЖБҚ-10);
- белсенді тіршілік әрекеті кезінде жаңа білімді өздігінен шығармашылық түрде алу қажеттілігі және дағдылары (ЖБҚ-11);
- шешу идеялары мен әдістерін жазбаша және ауызша түрде дәлелді презентациялаудың коммуникациялық қабілеттілігі (ЖБҚ-12);
- жоғары деңгейлі кәсіптік мәдениеті және кәсіптік қатынас мәдениеті бар командада жұмыс жасай алу (ЖБҚ-13);
- нарықтық экономика жағдайларында өндірістің экономикасы және ұйымының, кәсіпорынның ішкі бөлімін басқару қағидағдарын және әдістерінің базалық білімдерін қолдану (ЖБҚ-14);
- өзгерістер мен белгісіздіктердің өспелі динамизм жағдайларында әлеуметтік, экономикалық, кәсіптік рөлдердің, жағрапиялық және әлеуметтік мобилділіктің ауысуына дайындық (ЖБҚ-16);
- кәсіптік қызмет нысандарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша іс-шараларды ұйымдастыру (ЖБҚ-17);
- физикалық тәрбиелеу және денсаулықты нығайту әдістерін өз бетімен, әдістемелі түрде дұрыс қолдану құралдарын иелену, толық әлеуметтік және кәсіптік қызметті қамсыздандыру үшін физикалық дайындықтың дұрыс деңгейіне қол жеткізуге дайын болу (ЖБҚ-18);
- қоғамда қабылданған әлеуметтік нормаларға, табиғатты қорғау нормалары мен стандарттарына жауап беретін мақсатты шешімдерді қабылдау икемділіктерін иелену (ЖБҚ-19);
- электр тізбектері сипаттамаларын талдау және есептеу есептерін шешу қабілеттігі (ЖБҚ-20);
- қоғамдық танымға әсер етудің әлеуметтік әдістемелерінде діни-этикалық көзқарасты қолдана білу (ЖБҚ-21);
- әскери-патриоттық тәрбиелеу, әскери-кәсіптік және спорттық дайындық процесін әдістемелі дәйекті түрде жоспарлау, бақылау және басқара білу (ЖБҚ-22).

3. Қосымша құзыреттіліктер (ҚҚ):

- компьютерлік жүйелерге ену зардаптарын табу және бейтараптандыру тәсілдерін иелену (ҚҚ-1);
- компьютерлік және құқық бұзушылық инциденттерді тергеуді жүргізу әдістерін білу (ҚҚ-2).

